



Мен «Орталық Қазақстан» газетінің редакциясына 1980 жылдың 5 мамыры күні (ол уақытта Баспасөз күні аталып өтілетін) келіп, тілші болып қызметке тұрдым. Сөйтіп, бұрын аспандағы Ай сияқты көрінетін қызметке қолым жетті. Ол уақытта «Орталық Қазақстан» газетінде қызмет атқару дегеніңіз ойым түгілі түсіме де кірмеген болатын. Сондықтан да мен облыстық газеттің қызметкері атануды армандаудың өзін артық санайтынмын.

Тіпті, армандаудың өзіне жүрексініп жүрген қызметке қол жеткізген газеттің сол кездегі редакторы Рамазан Сағымбеков ағамызға деген алғысым шексіз. Ол кісі мені жұмысқа қабылдау туралы өтінішіме қол қойып тұрып бірнеше ескерту жасаған еді. Сол ескертулерді әлі күнге дейін есімнен шығарған емеспін және ол айтқандарының барлығын орындадым деп есептеймін. Бұл өз алдына бөлек әңгіме.

Еңбек жолымды студент болып жүргенімде сол кездегі Совет аудандық ішкі істер бөлімінде милицияның учаскелік инспекторы болып бастағаныммен, кейіннен мұғалімдік жолға түстім. Қаладағы №2 мектеп-интернатта (қазір Н.Нұрмақов атында) мұғалімдік қызмет атқарып жүрген кезімде облыстық теле-радиокомитетке қызметке шақырды. Әуелі «Жаңалықтар», кейіннен жастар редакциясында редактор, аға редактор болдым. Осы салада алты жыл қызмет атқарған екенмін. Сол уақыттарда облыстық «Орталық Қазақстан» газетінен ешқашан қол үзіп көрген емеспін. Әуелі «Жаңалықтарда» жүргенде хабарлар жазып тұрған болсам, кейіннен жастар редакциясына ауысқан соң өз хабарларым бойынша жастар өмірінен мақалалар мен суреттемелер жазып тұрдым. Мектеп өмірінен бірнеше рет фоторепортаждар бердім. Шағын әзіл-сықақ әңгімелерім мен өлеңдерім жарық көрді, кейіннен фельетондар жазыла бастадым. Оларым редакцияда ететін ілездемелерде кейде мақталатындығын да естіп жүрдім. Рамазан ағамыздың мені қызметке алуына осындай мақтаулардың әсер еткендігі сөзсіз.

Ол кезде облыстық саяси-ағарту үйінде айдың үшінші сәні күні облыс журналистеріне арналған саяси сабақ өтеді. Сол кезде «Орталықта» істейтін, қалам қарымымен танылып қалған өзім қатарлы журналистер Әбусаттар Тұрғанбеков, Еркін Лұқпанов, Дүй-

Ай сайын беріп тұратын «Теміртау жұмысшысы» деген бетіміз бар, соны даярлаймын. Теміртаудан тұрақты жазып тұратын автор-тілшілеріміз бар, солардың жазғандарын түзетіп, редакциялаймын. Бұл хат қорыту деген сөз.

Басында келуін келіп қалсам да, осы қалай болар екен деген күдік те көңіліме оралған болатын. Бірақ алғашқы күннен-ақ қаламым жүріп, жұмысым алға басты, үлкенді-кішілі мақалаларым жарық кере бастады. Жазғандарым негізінен ілездемелерде мақтауларға ие болып жатты. Бұл мені бұрынғыдан да қанаттандыра түсті. Бөлім меңге-

адам. Сирек мамандық иесі. Ол Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, сондықтан онымен жасалатын сұхбат ерекше болуы қажет» дегенді айтты.

Материалды қайтып алдым, олай ойландым, бұлай ойландым. Сұхбат, кәдімгі газетімізде жарық көріп жатқан қатардағы сұхбаттардың бірі. Мен оны қалай ерекше етіп жасаймын? Миыма ештеңе келер емес. Сөйтіп, тартпамда бірнеше күн жатты. Бір күні бөлім меңгерушісі өзіне шақырып, не жұмыс істеп жатқанды сұрады. Мен күнделікті жұмыстар атқарып жатқандым, хат қорытып, «Қарағанды қақпаны»

шаруашылығы бөлімінде, Хайрекең (Хайриден Әубәкіров) идеология және насихат бөлімінде қызмет атқарды. Бұл бөлімнің меңгерушісі Амантай Сағындықов ағамыз еді. Базарбай Мұстафин ағамыз партия тұрмысы бөлімін, Сапиолла Аңсаров ағамыз совет құрылысы бөлімін, Қойшы Шаяхметов ағамыз өнеркәсіп бөлімін (қызметкері Орынбай Аймағамбетов), Асхат Темірбаев ағамыз оқу орындары бөлімін (қызметкері Тілектес Арыстанбекова) басқарған еді. Қойшекең қайтыс болған соң ол орынға Қайыркен Сұлтанов ағамызды жіберді. Жауапты хат-

# Қасиетті қара

# Шаңырақ



рушісі мен екеуміз редактор мен олардың орынбасарлары тарапынан берілген басқа да тапсырмаларды тап-тұйнақтай етіп, мерзімінде орындап тастайтынбыз. Күн сайын 150-200 жол көлемінде материал даярлау керек. Мұндай жоспарды да артығымен орындап жүрдім. Бізді шаршататын тағы бір жұмыс болды. Ол - обкомға анықтама даярлау еді. Мысалы, «Бүкілодақтық екпінді құрылыстағы жастар еңбегі» деген тақырып береді. Біз жыл басынан бергі «Орталықты» түгел ақтарып, ақ қаңылтыр цехындағы жастардың еңбегі туралы жазылған барлық материалдардың тақырыбын, онда не туралы жазылғанын, қай күні шыққанын көрсетіп анықтама жазамыз. Кейде мақаланың ішінде бір жас немесе комсомол мүшесі туралы жол-жөнекей айтылып кеткен болса да, анықтамаға іліктіріп кетеміз. Мұның тағы бір қиындығы анықтамаларды орыс тілінде жазу керектігі болатын.

Сол кезде біздің материалдарды қарайтын бас редактордың бірінші

бұрышына фельетон жазу үстінде екендігімді айттым. Сұхбат туралы сұрады. Оған қосар немесе өзгертер ештеңе жоқтығын айттым. Ол кісі орнынан тұрып кетіп қалған. Тағы да редакторға барыпты. Бұл жолы мен бөлім меңгерушісі мен редактордың берген тапсырмасын орындаудан бас тартыппын. Редактор шақырды. Ол кісі ұрысты. Одан соң барлық бөлім меңгерушілерін жинап, менің сұхбатымды талқылады. Әркім өзі жазатын тақырыптарын беріп жатқанда осы сұхбатты менің өзім ұсынған едім. Енді іштей «бекер алған екенмін» деп тұрмын. Менің сұхбатыммен таныспаған бөлім меңгерушілері не айтсын. Редактор қайта жазу керек деген соң олар да соны қайталайды. Бұған дейін сұхбат түрінде беріліп келген «Бейсенбі күннің қонағын» енді очерк түрінде жазу немесе сұхбаттың ішіне суреттеме қосу қажет болып қалыпты.

Бірі тұрып: «Ол ұшқыштың самолетті қалай басқаратынын білмейді, очеркті қалай жазады» десе, бірі «Мәскеуге бірге ұшып барып

шы Рымқұл Сүлейменов ағамыз еді. Бұл күнде бақылық болған бұл қызметкерлердің аруақтары бір аунап жатсын деп әдейі еске алып отырмын.

Ал, әдебиет және мәдениет бөлімі меңгерушісінің орны уақытша бос болды. Онда Баян Бұлғақбаева қызмет атқарды. Кейін бұл орынға Зарқын Тайшыбаев ағамыз келіп отырды. Баян басқа жұмысқа кеткен соң бөлімге қызметкерлікке Гүлсім Оразалиева хат бөлімінен ауыстырылып, Оңайгүл Тұржанова жаңадан қабылданды. Қазіргі бас редакторымыз Мағауия Сембай біраз уақыт секретариатта істеген соң партия тұрмысы бөлімінде

сенбек Ысқақов, Мағауия Сембаев және басқалармен әңгімелесіп, қатар отырамыз, лекция тыңдаймыз. Сабақтан соң да отырыстарымыз жалғасып кететін уақыты болады. Сондай сәттердің бірінде жігіттердің біреуі: «Сен бізге неге келмейсің?» дегенді айтқан болатын. Басында мән бермегеніммен бұл сөздің астарында бір мағына барына ой жүгірттім. Рахаңа бір кездесіп қалған сәтте сол сөздің әсерімен өзімнің «Орталыққа» келгім келетіндігін айтқан едім, ол кісі бетіме қарап тұрып күлді де: «Кел, сөйлесейік», - деген еді. Келдім. Сөйлестік. Қызметке қабылдады.

Әуелі партия тұрмысы бөліміне тілші етіп қабылдады. Бірақ екі-үш күннен соң құрылыс және ауыр индустрия бөліміне ауыстырды. Оның себебін сұраған едім, Рахаң: «Осында біреулер «Партияда жоқ адам қалай партия тұрмысы бөлімінде қызмет атқарады» деп сөз қылып жүр», - дегенді айтты. Шынымды айтсам, маған бәрібір. Қай бөлімде қызмет атқарсам да әйтеуір «Орталықтың» қабырғасында жүрсем болды. Бұл кезде редакторымыздың үстінен арыз-шағымдардың арғысы Мәскеуге, берісі Алматы мен облыстық партия комитетіне қарша борап жатқан. Рахаңа сол арыз жазғыштардың бірі бірдеңе деген болуы керек.

Ол кезде Теміртаудағы ақ қаңылтыр цехының Бүкілодақтық екпінді құрылыс деп жарияланған уақыты болатын. Бөлім меңгерушісі кейінде бас редактордың бірінші орынбасары болған Аман Жанғожин еді. Ол тапсырма береді - мен орындаймын. Мен, енді, ақ қаңылтыр цехынан шықпайтын болдым. Апта сайын барып, құрылыстың барысы туралы мақала жазамын, құрылысшылардың, ақ қаңылтыр цехын салып жатқандардың атынан материал ұйымдастырамын.

орынбасары Есімбек Бәйтенев ағамыз еді. Ол кісі дайындалған материалдарды мұқият қарайды. Әсіресе, облыстық партия комитетінің хатшылары мен бюро мүшелерінің аты-жөнінің және ретімен жазылуының дұрыстығына қатты көңіл бөлетін. Егер бұлардан қателік кетіріп алсаң, ол кісі өзі түзетіп өуре болып жатпайды: «Бюро мүшелерінің аты-жөнін жаза алмасаң, облыстық газетте неге жүрсің?» деп, материалымызды лақтырып жібереді. Сондықтан, Ескеңнің қаһарына ілікпес үшін материалымызды сапалы даярлауға тырысатынбыз.

Осындайда өткен шақтың көптеген оқиғалары еске оралады. Редакторымыз Тілеухан Жүсіпов марқұмның кезі болатын. Газеттің әрбір санының, әр аптаның, одан соң әр айдың таңдаулы материалын атаймыз. Ол үшін құрамы үш адамнан тұратын арнайы комиссия құрылады. Ол комиссия кезекшілер мен шолушылар таңдап берген материалдардың ішіндегі ең таңдаулысын табады, екінші және үшінші орын алғандарды атайды. Сол аталғандар бойынша кәсіподақ комитеті арнайы қаулы шығарып, жүлделі орын алғандарға ақшалай сыйлық беретін.

Бір жылы «Бейсенбі күннің қонағы» деген айдармен сұхбаттар бере бастадық. Оның кейіпкерлері белгілі адамдар, ауызға іліккен қызметкерлер мен атақты жұмысшылар болуы қажет еді. Әркім өзінің лайықты деп тапқан адамдарымен сұхбат жасап, бейсенбі күнгі санда жариялата бастады. Мен Қуанбек Баймағамбетов деген ұшқышты тауып алдым. Ол «Ту-114» самолетімен Қарағанды мен Мәскеу аралығында ұшады екен. Жап-жақсы сұхбат дайын болды. Бөлім меңгерушісі Сапиолла Аңсаров еді. Материалымды алып редакторға кіріп кеткен. Өлден уақытта шығып, сұхбаттың дәл осы түрінде жарияланбайтындығын айтты. Неге екендігін сұрасам: «Бұл Баймағамбетов деген белгілі

келсін» дейді. Не керек, сонымен мен Мәскеуге баратын, бірге ұшып барып, бірге ұшып қайтатын болдым. Бірақ осы айтылғандардың бірі де орындалған жоқ. Мен Мәскеуге барған да жоқпын, материалды қайта жазған да жоқпын. Сол алғашқы нұсқасында жарық көрді. Бір қызығы айтып кеткенімдей, материал жарық көрген соң кезекші болған адам тәуір екенін айтып мақтады. Содан бұл сұхбат таңдаулы материалдар қатарына ілігіп, тіпті тоқсан аяғында жүлде алып кете жаздадым.

Тағы бір есімнен кетпейтін оқиға болды. Көлемі онша емес, бірақ газеттің екі санында жарияланатын сериялы етіп «Каргормаш» зауытындағы партия ұйымының басшылық ролінің нашарлығы туралы бір материал жаздым. Материалым нөмірге кетіп бара жатқан. Ол кезде ертеңгі шығатын санның беттерінің үлгісін қабырғаға іліп қоятын. Кешкілікте бесінші қабатқа түсіп, материалымды қарап кеткен болатынмын. Ертеңіне қарасам, мақалам шықпай қалыпты.

Редактордың орнына газетке қол қойып жүрген орынбасар Ескең мені шақырып алып: «Сен партия мүшесі емессің, материалыңда партия ұйымының жұмысын қалай сынайсың. Кезекші айтып, алғызып тастады. Шығып кеткенде, үстімізден арыз жазылатын еді» деп сөкті. Содан не керек, біраз уақыт өткен соң қулыққа көшіп, «партия ұйымы» деген сөздердің барлығын «кәсіподақ комитеті» деп түзетіп, қайтадан ұсындым. Газетке шығып кетті. Ешкім ештеңе деген жоқ.

Біздің алдымызда үйренетін ағаларымыз көп болды. Мен қызметке тұрған кезде «Бесеудің бұрышы» әзіл-сықақ отауын Кәрттай Ермекбаев ағамыз жүргізді. Бұл отау хат бөліміне қарайды, оның меңгерушісі Тоқан Әбуғалиев болды. Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі досымыз Шайхан Жандаев еді. Зейнеткерлікке шыққан Қағазкең (Қағазбек Сәденов) ауыл

қызметкер, одан соң сол бөлімнің меңгерушісі болып қызмет атқарған еді. Кейіннен «Егемен Қазақстан» газетінің аппаратына ауысты, біздің облыстағы меншікті тілшісі болды. Секретариатта Әбусаттар Тұрғанбеков пен Еркін Лұқпанов отырды. Газет шығарушы болып Темірғали Шайхин мен Зейнолла Ыдырысов ағаларымыз еңбек етті.

Міне, бүгінде сексен жастың сеңгіріне шыққалы отырған қара шаңырақ «Орталық Қазақстан» газетінде қызмет атқарғаныма отыз жылдан асыпты. Қазір редакциямызға жыл сайын жастар келіп жатыр, құрамымыз жасарып келеді. Ол өмір заңы. Осы жылдар ішінде газеттің талай «қызығы мен шыжығын» көзіміз көрді. Ауыр күндерді де бастан өткердік. Кешегі өтпелі кезеңде алты айға дейін жалақымызға қолымыз тимей жүрген кездер де болған. Баспаханаға берешегіміз көбейіп кеткендіктен редакцияны ток көзінен ажыратып тастағанына да, облыстық қаржы басқармасының біздің газетке 6 миллион теңге, ал көрші газетке 60 миллион теңге бөлгеніне де шыдадық.

Егемендіктің арқасында өз қолымыз өз аузымызға жетті. Міне, биылғы Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырған газетіміздің мерейтойы кезінде барлық оқырман қауымға деген алғысым шексіз. Олар қандай қиындық кезде болмасын біздің газеттен қол үзген жоқ, үнемі жаздырып алып отырды. Біздің газетіміз арқылы облыста, республикада, әлемде болып жатқан оқиғалардан құлағдар болып отырды. Енді алдағы уақытта да оқырман бізден, біз өзіміздің оқырмандарымыздан көз жазбаймыз деп ойлаймын.

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,  
Қазақстанның Құрметті  
журналисі,  
Қазақстанның Мәдениет  
қайраткері.**